

PERSONAL AUDIO SYSTEM

Пайдалану нұсқаулары

Пайдалануға дайындық

Негізгі жұмыстар

Bluetooth

Тюнер

Дыбыс реттеу

Басқа әрекеттер

Қосымша ақпарат

ЕСКЕРТУ

Өрт шығу немесе ток соғу қаупін азайту үшін бұл құрылғыға жаңбыр не ылғал тигізбеңіз.

Өрт шығу қаупін азайту үшін құрылғының жел кіретін тесігін газетпен, үстел жапқышпен, пердемен, т.б. жаппаңыз.

Құрылғыны ашық жалын көздеріне (мысалы, жанып тұрған отқа) тигізбеңіз.

Өрт шығу немесе ток соғу қаупін азайту үшін бұл құрылғыға тамшы, шашыранды тигізбеңіз немесе ваза сияқты сұйықтық толы заттарды құрылғыға қоймаңыз.

Құрылғыны ток көзінен ажырату үшін негізгі тығын қолданылатындықтан, құрылғыны оңай қол жетімді айналымы розеткаға сұғыңыз. Құрылғының дұрыс істемеуін байқасаңыз, бірден ашаны айналымы ток розеткасынан ажыратыңыз.

Құрылғыны кітап сөресі немесе қабырға шкафы секілді шектеулі орынға қоймаңыз.

Батареяларды немесе батареялар салынған құрылғыларды күннің көзі және өрт сияқты ыстық жерлерге шығармаңыз. Құрылғы өздігінен өшіп қалғанның өзінде айналымы ток розеткасына қосылғандықтан, құрылғы ток көзінен ажыратылмайды.

Бұл жабдықтың ЕМС директивасында белгіленген шектерге сәйкестігі 3 метрден қысқа жалғау кабелімен тексеріліп анықталды.

Америка Құрама Штаттарындағы тұтынушы үшін

Иегер жазбасы

Құрылғының артында моделі мен сериялық нөмірі орналасқан. Бұл нөмірлерді төменде берілген орында жазыңыз. Оларды осы өнімге қатысты Sony делдалына хабарласқан сайын қараңыз.

Модель нөмірі _____

Сериялық нөмірі _____



Бұл — пайдаланушыны жеткілікті шамада адамдарға ток соғу қаупін тудыратын өнім корпусында окшауланбаған “қауіпті кернеу” кернеуінің бар екендігін ескертуге арналған таңба.



Бұл — пайдаланушыны құрылғыға қоса берілген нұсқауда маңызды жұмыс істеу және техникалық жөндеу (сервистік қызмет көрсету) нұсқауларының бар екендігін ескертуге арналған таңба.

Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

- 1) Төмендегі нұсқауларды оқыңыз.
- 2) Төмендегі нұсқауларды сақтаңыз.
- 3) Барлық ескертулерге зер салыңыз.
- 4) Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- 5) Бұл құрылғыны суға жақын қолданбаңыз.
- 6) Тек құрғақ матамен сүргіңіз.
- 7) Желдету саңылауларын жаппаңыз. Өндіруші нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.

- 8) Радиаторлар, қызу регистрлері, пештер немесе қызу бөлетін басқа құрылғылар (оның ішінде күшейткіштер) сияқты кез келген қызу көздеріне жақын қоймаңыз.
- 9) Поляризацияланған немесе жерге қосылған тығынның қауіпсіздік мақсатына нұқсан келтірмеңіз. Поляризацияланған тығынның бірі екіншісінен жуанырақ екі контакті болады. Жерге қосылған тығынның екі контактісі және үшінші жерге қосылған істігі болады. Жуан контакт немесе үшінші істік қауіпсіздік үшін қамтамасыз етілген. Егер берілген тығын розеткаға кірмесе, жарамсыз розетканы ауыстыру үшін электршіге хабарласыңыз.
- 10) Ток сымның, әсіресе тығындарының, электр қабылдағыштарының және құрылғыдан шығатын нүктесінің тапталуына немесе сығылуына жол бермеңіз.
- 11) Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/аксессуарларды қолданыңыз.
- 12) Тек өндіруші көрсеткен арба, стенд, штатив, жақша, кесте немесе сатылған құрылғымен бірге қолданыңыз. Арба пайдаланылған кезде аударудан жарақат алмау үшін арбаны/құрылғыны қозғалтуда сақтық шарасын қолданыңыз.



- 13) Бұл құрылғыны найзағай кезінде немесе ұзақ уақыт пайдаланылмаған жағдайда ажыратыңыз.
- 14) Барлық қызмет көрсетулер үшін білікті мамандарға хабарласыңыз. Құрылғы кез келген жолмен зақымданғанда, оның ішінде ток сым немесе тығын зақымдалса, сұйықтық пашыраса немесе құрылғының ішіне заттар құласа, құрылғыға жаңбыр не

ылғал тисе, дұрыс істемесе немесе қолдан түсіріп алғанда, сервистік қызмет көрсету қажет.

Төмендегі БК анықтамасы тек Америка Құрама Штаттарында сату мақсатында жасалған модель нұсқасы үшін қолданылады. Басқа нұсқалар БК техникалық ережелеріне сәйкес келмеуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ:

Бұл жабдықтың БК ережесінің 15-бөлімі бойынша В дәрежелі сандық құрылғысы үшін шектерге сәйкестігі тексеріліп анықталды. Бұл шектер құрылғыны тұрғын жайларда орнатудағы қолайсыз әсерден қорғауды қамтамасыз ету үшін белгіленген. Бұл құрылғы радио жиілік энергиясын туындағанды, пайдаланады және шығара алады, егер нұсқауларға сәйкес орнатылмаса және пайдаланылмаса, радио байланыстарға қолайсыз әсер тудыруы мүмкін. Алайда қолайсыз әсердің белгілі бір орнатылымда туындамауына кепілдік жоқ. Егер жабдықты қосу және өшіру арқылы анықталатын радио немесе теледидар қабылдағышына бұл жабдық қолайсыз әсер тудырса, пайдаланушы қолайсыз әсерді түзету үшін бір немесе бірнеше шара қолдануға мүмкіндік алады:

- Қабылдағыш антеннаны қайта бағыттаңыз немесе қайта орналастырыңыз.
- Жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттырыңыз.
- Жабдықты розеткаға қабылдағыш қосылғаннан басқа тізбек арқылы қосыңыз.
- Дилердің немесе тәжірибелі радио/ТД маманының көмегіне жүгіну үшін хабарласыңыз.

САҚТЫҚ ШАРА

Бұл нұсқаулықта арнайы расталмаған кез келген өзгерістер мен өзгертулер жабдықты пайдалану құқығынан босатады.

Дұрыс қорғалған және жерге қосылған кабельдер мен коннекторлар БК эмиссия шектеріне сәйкес келу үшін басты компьютерлерге немесе перифериялық құрылғыларға қосылу үшін қолданылуы керек.

Жеке аудио жүйе (FST-GTK37iP/FST-GTK17iP/ RDH-GTK37iP/RDH-GTK17iP)

Бұл жабдық басқа антеннамен немесе трансмиттермен бірге орналаспауы немесе қолданылмауы керек.

Бұл жабдық бақыланбайтын ортаға белгіленген FCC радиация шығару шектеріне сәйкес келмейді және C - OET65 қосымшасындағы FCC радио жиілігіне (RF) шығару нұсқауларын орындайды. Бұл жабдықта максималды шығару мәнінсіз (MPE) сәйкес келетін болып саналатын радио жиілік қуатының ең төменгі деңгейлері бар. Бірақ радиаторды адам денесінен кемінде 20см алыс не одан көп ұстай отырып, оны орнатқан және қолданған дұрыс (шеткі нүктелерді қоспаған: қолдарын, білектерін, аяқтарын мен өкшелерін қоспаған).

Еуропадағы тұтынушылар үшін



Ескі электрлік және электрондық жабдықты қоқысқа тастау (Бөлек жинау жүйелері бар Еуропалық Одақта және

басқа да еуропалық елдерде қолданылады)

Өнімдегі немесе оның қаптамасындағы бұл таңба бұл өнімге тұрмыстық қалдық ретінде қарамауын білдіреді. Оның орнына электрлік және электрондық жабдықты кәдеге жарату мақсатымен оны арнайы жинау орнына тастау керек. Бұл өнімнің дұрыс тасталуын қамтамасыз ете отырып, бұл өнімнің қалдық ретінде тиісінше тасталмауынан қоршаған ортаға және адам денсаулығына тиетін ықтимал кері әсерлерге жол бермейсіз. Материалдарды кәдеге жарату табиғи ресурстарды сақтауға көмектеседі. Бұл өнімді кәдеге жарату туралы толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті тиісті қалалық мекемеге, тұрмыстық қалдық тастау қызметіне немесе өнім сатып алынған дүкенге хабарласыңыз.



Қалдық батареяларды қоқысқа тастау (бөлек жинау жүйелері бар Еуропалық Одақта және басқа да еуропалық елдерде қолданылады)

Батареядағы немесе қаптамасындағы бұл таңба өнімдегі батареяға тұрмыстық қалдық ретінде қарамауын білдіреді. Белгілі бір батареяларда бұл таңба химиялық таңбамен бірге пайдаланылуы мүмкін. Батарея құрамында 0,0005% сынап немесе 0,004% қорғасын болса, сынаптың (Hg) немесе қорғасынның (Pb) химиялық таңбалары қосылады.

Бұл батареялардың дұрыс тасталуын қамтамасыз ете отырып, батареяның қалдық ретінде тиісінше тасталмауынан қоршаған ортаға және адам денсаулығына тиетін ықтимал кері әсерлерге жол бермейсіз. Материалдарды кәдеге жарату табиғи ресурстарды сақтауға көмектеседі. Қауіпсіздік, жұмыс өнімділігі және деректер тұтастығы үшін өнімдерге батареяны үнемі қосып қою қажет етілген жағдайда бұл батареяны тек білікті қызмет көрсетуші маман ауыстыруы керек. Батареяның дұрыс қолданылғанына көз жеткізу үшін өнімді пайдаланылу мерзімі аяқталғаннан кейін электрлік және электрондық жабдықты кәдеге жарату мақсатымен арнайы жинау орнына тастаңыз.

Барлық басқа батареялар үшін батареяны өнімнен қауіпсіз шығару жолдары туралы бөлімнен қараңыз. Қалдық батареяларды кәдеге жарату мақсатымен батареяны арнайы жинау орнына тастаңыз.

Бұл өнімді немесе батареяны кәдеге жарату туралы толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті тиісті қалалық мекемеге, тұрмыстық қалдық тастау қызметіне немесе өнім сатып алынған дүкенге хабарласыңыз.

Тұтынушыларға ескерту: Төмендегі ақпарат ЕО директиваларын қолданатын елдерде ғана сатылатын жабдық үшін қолданылады.

Бұл өнім Sony Corporation ұйымы арқылы немесе соның атынан жасалды, 1-7-1 Konan Minato-ku Токио, 108-0075 Жапония. Еуропалық Одақ заңнамасына қарай өнімнің сәйкестігіне қатысты сұраулар мына өкілетті өкілдікке жіберілуі керек: Sony Deutschland GmbH, Hedelfinger Strasse 61, 70327 Штутгарт, Германия. Қызмет көрсету немесе кепілдік мәселелері бойынша бөлек қызмет көрсету немесе кепілдік құжаттарында берілген мекенжайларға хабарласыңыз.

Бұл құжатта Sony Corp. бұл жабдықтың Directive 1999/5/EC маңызды талаптары мен басқа қатысты ережелерімен үйлесімді екенін мәлімдейді. Мәліметтер үшін келесі URL функциясына кіріңіз:
<http://www.compliance.sony.de/>



Австралиядағы тұтынушылар үшін



Ескі электрлік және электрондық жабдықты қоқысқа тастау (Бөлек жинау жүйелері бар Еуропалық Одақта және басқа да еуропалық елдерде қолданылады)



Лицензия және сауда белгісі туралы ескертпе

- iPhone, iPod, iPod classic, iPod nano және iPod touch — АҚШ және басқа елдерде тіркелген Apple Inc. сауда белгілері. Lightning — Apple Inc сауда белгісі.
- “Made for iPod” және “Made for iPhone” хабары электрондық аксессуардың арнайы iPod немесе iPhone құрылғыларына көрсетілген тәртіпте қосылу үшін жасалғанын, Apple жұмыс істеу стандарттарына сәйкес жасаушы арқылы сертификатталғанын білдіреді. Apple осы құрылғының жұмысына немесе оның қауіпсіздік және нормативтік стандарттарына сәйкестігіне жауапты емес. Бұл аксессуарды iPod немесе iPhone құрылғысымен бірге пайдалану сымсыз өнімділікке әсер ететіндігін ескеріңіз.
- *Bluetooth*[®] сөз белгісі және логотиптері Bluetooth SIG, Inc. иелігіндегі тіркелген сауда белгілері және мұндай белгілердің Sony Corporation тарапынан пайдалануы лицензия бойынша болады. Басқа сауда белгілері — тиісті иелерінің сауда атаулары.
- N Mark — NFC Forum, Inc. корпорациясының сауда белгісі немесе Америка Құрама Штаттары мен басқа елдердегі тіркелген сауда белгісі.
- Android — Google Inc сауда белгісі.
- MPEG 3-қабат аудио кодтау технологиясы мен патенттеріне Fraunhofer IIS және Thomson компанияларынан лицензия берілген.
- Windows Media — Microsoft Corporation корпорациясының тіркелген сауда белгісі немесе Америка Құрама Штаттарындағы және басқа елдердегі сауда белгісі.
- Бұл өнім Microsoft Corporation корпорациясының арнайы зияткерлік меншік құқықтары бойынша қорғалған. Мұндай технологияны бұл өнімнен тыс пайдалануға немесе таратуға Microsoft корпорациясының немесе өкілетті Microsoft филиалының лицензиясының тыйым салынады.
- Басқа барлық сауда белгілер мен тіркелген сауда белгілер — тиісті иелерінің сауда белгілері. Бұл нұсқаулықта [™] және [®] белгілері көрсетілмеген.

Мазмұны

Бөлшектер мен басқару элементтері туралы нұсқаулық	8
--	---

Пайдалануға дайындық

Жүйені қауіпсіз орнату	11
iPod/iPhone құрылғысын пайдалану	12
Сағатты орнату	13

Негізгі жұмыстар

iPod/iPhone ойнату	14
USB құрылғысын ойнату	15

Bluetooth

<i>Bluetooth</i> сымсыз технологиясы туралы	16
Музыканы <i>Bluetooth</i> құрылғысынан сымсыз тыңдау	16
<i>Bluetooth</i> аудио кодектерін орнату	20
<i>Bluetooth</i> күту режимін орнату/бас тарту	20

Тюнер

Радио тыңдау	21
--------------------	----

Дыбыс реттеу

Дыбысты реттеу	22
Кеш атмосферасын жасау (DJ EFFECT)	22
Тік дыбыс әсерін тандау	23

Басқа әрекеттер

Жарықты орнату	23
Таймерлерді пайдалану	23
Дисплейді өзгерту	24
Таңдаулы жабдықты пайдалану	25
Құрылғыдағы түймелерді өшіру (Балалардан қорғау)	25
Автоматты күту функциясын қою/бас тарту	26

Қосымша ақпарат


Үйлесімді құрылғыларға арналған веб-сайттар	27
Ақауларды жою	27
Хабарлар	32
Сақтық шаралар	32
Техникалық сипаттамалары ...	34

Бөлшектер мен басқару элементтері туралы нұсқаулық


Бұл нұсқаулықта қашықтан басқару құралын пайдаланатын әрекеттер түсіндіріледі, бірақ бірдей не ұқсас атаулары бар құрылғыдағы түймелермен бірдей жұмыс та атқарады.

Құрылғы


– Үстінен қарағанда



– Алдынан қарағанда



Қашықтан басқару құралы RM-AMU166




- 1 I/⏻ (қосу/күту)
Жүйені қосады немесе оны күту режиміне шығарады.
- 2 LED SPEAKER (23-бет)
Жарықты өзгертеді.
- 3 VERTICAL SOUND индикаторы
Тік дыбыс әсері қосылғанда жанады.
- 4 BLUETOOTH индикаторы (17-бет)
Жүйенің Bluetooth күйін көрсетеді.
- 5 BLUETOOTH (17-бет, 19)
Bluetooth функциясын таңдау үшін басыңыз.
Bluetooth жұптастыру функциясын іске қосу үшін Bluetooth функциясы кезінде басып тұрыңыз.

- 6 VERTICAL SOUND (23-бет)
Тік дыбыс әсерін таңдайды.
- 7 FLANGER, ISOLATOR (22-бет)
DJ EFFECT үлгісін таңдайды.
- 8 Құрылғы: VOLUME/
DJ CONTROL +/-
Дыбыс деңгейін реттеңіз.
DJ EFFECT деңгейін реттейді (22-бет).
DJ EFFECT іске қосылғанда дыбыс деңгейін реттеу үшін бұл тұтқаны пайдалануға болмайды.
Қашықтан басқару құралы: VOLUME +/-
Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- 9 BASS BAZUCA (22-бет)
BASS BAZUCA әсерін таңдайды.
- 10 EQ (22-бет)
Сақтаулы дыбыс әсерін таңдайды.
- 11 ↔ (USB) (13-бет, 14, 15) порты
Таңдаулы iPod/iPhone немесе USB құрылғысын қосыңыз.
- 12 Apple құрылғысына арналған терминал (12-бет, 14)
- 13 Ұстаушы тұтқа (13-бет)
- 14 PUSH түймесі (13-бет)
- 15 ◀▶ (артқа/жылдам алға)
Ойнап тұрғанда тректен не файлдан қандайда да бір жерді табу үшін басыңыз.
Құрылғы: ◀▶ (артқа өту/алға өту)
Қашықтан басқару құралы: ◀▶ (артқа өту/алға өту)
Трек не файл таңдаңыз.
Құрылғы: TUNING +/-
Қашықтан басқару құралы: +/- (баптау)
Қажетті стансаны баптаңыз.

- 16**  **(N-Mark) (18-бет)**
Near Field Communication (NFC) сенсорлық көрсеткіші.
- 17** **Құрылғы: FUNCTION**
Қашықтан басқару құралы: FUNCTION +/-
Функция таңдаңыз.
- 18** **Дисплей тақтасы**
- 19** **Қашықтан басқару құралының сенсоры**
- 20**  **+/- (қалта таңдаңыз)**
USB құрылғысынан қалта таңдаңыз.
- 21** **Құрылғы: ►|| (ойнату/пауза)**
Қашықтан басқару құралы: ►* (ойнату), || (пауза)
Ойнатуды бастайды немесе тоқтата тұрады.
USB құрылғысын ойнатуды жалғастыру үшін ►|| немесе ► түймесін басыңыз.
■ (тоқтату)
Ойнатуды тоқтатыңыз.
USB құрылғысын ойнатуды жалғастырудан бас тарту үшін екі рет басыңыз.
- 22** **TIMER MENU (13-бет, 24)**
Сағат пен таймерлерді қояды.
- 23** 
Параметрлерді енгізеді.
- 24** **OPTIONS**
Опциялар мәзіріне кіреді немесе шығады.
- 25** **RETURN** 
Алдыңғы таңдауға оралады.
- 26** 
Опциялар мәзірінен немесе таймер мәзірінен тармақтарды таңдайды.
- 27** **TUNER MEMORY (21-бет)**
Радио стансаны сақтайды.
- 28** **PLAY MODE/TUNING MODE**
USB құрылғысының ойнату режимін таңдайды (15-бет).
Баптау режимін таңдайды (21-бет).
- 29** **REPEAT/FM MODE**
USB құрылғысын, бір тректі не файлды қайталап тыңдаңыз (15-бет).
FM қабылдау режимін (моно не стерео) таңдайды (21-бет).
- 30** **SLEEP (23-бет)**
Автоматты өшіру таймерін орнатады.
- 31** **DISPLAY**
Дисплей тақтасындағы ақпаратты өзгертеді.
- * VOLUME + және ► түймелерінің қолға сезілетін нүктесі бар. Жүйені қолданған кезде қолға сезілетін нүктені белгі ретінде пайдаланыңыз.

Жүйені қауіпсіз орнату



- A FM сым антеннасы
(Көлденеңінен созыңыз.)
- B AM рамалы антеннасы
- C DVD/PC IN L ұясына
- D DVD/PC IN R ұясына
- E Қабырға розеткасына

A Антенналар

Антенналарды қойғанда жақсы қабылдауды қамтамасыз ететін орны мен бағытын іздеңіз.

Шуылға жол бермеу үшін антенналарды электр шнурынан және USB кабелінен алыс ұстаңыз.

B DVD/PC IN L/R ұялары


Аудио/бейне жабдықтың аудио шығыс ұяларына жалғау үшін аудио шнурды (жинақта жок) пайдаланыңыз. Дыбыс осы жүйеден шығады.

C Қуат

Электр шнурын қабырға розеткасына қосыңыз. Дисплейде демонстрация пайда болады. Жүйені қосу үшін I/⏻ түймесін басыңыз, сонда демонстрация автоматты түрде аяқталады. Егер жинақтағы аша адаптері қабырға розеткасына сәйкес келмесе, оны ашадан алыңыз (адаптермен жабдықталған модельдер үшін ғана).

Батарейлар салу

Төменде көрсетілген полюстерін сәйкестендіре отырып, жинақтағы екі R6 (AA өлшемді) батареяны салыңыз.



Ескертпелер

- Ескі батареяны жаңасымен араластырмаңыз немесе басқа түрле батареялармен араластырмаңыз.
- Қашықтан басқару құралын ұзақ уақытқа қолданбасаңыз, шашырау мен коррозиядан қорғау үшін батареяларды алып тастаңыз.

Жүйені орнату

Жүйені тігінен немесе көлденеңінен орнатуға болады. Қалауыңыз бойынша орнату тәсілін таңдаңыз.

Ескертпелер

- iPod nano моделін Apple құрылғысына арналған терминалға қосқанда жүйені көлденеңінен орнатыңыз.
- Жүйе тігінен орнатылғанда тік дыбыс әсерін таңдауды ұмытпаңыз (23-бет).

– Тігінен орнату



– Көлденеңінен орнату



iPod/iPhone құрылғысын пайдалану

Apple құрылғысына арналған терминалға қосылғанда

Былайша Apple құрылғысына арналған терминалға қосуға болады.


- iPod touch 5-буыны
- iPod nano 7-буыны
- iPhone 5

iPod/iPhone құрылғысын құлатуға жол бермеу үшін Apple құрылғысына арналған терминалға қосқан кезде әрдайым iPod/iPhone құрылғысын тұтқасынан ұстаңыз. iPod/iPhone құрылғысын алған кезде ұстаушы тұтқаны орнына түскенше көтеріңіз, сосын iPod/iPhone құрылғысын Apple құрылғысына арналған терминалдан ажыратыңыз.

1 Apple құрылғысына арналған терминалға iPod/iPhone құрылғысын орналастырыңыз.

2 Ұстаушы тұтқа босатылғанда PUSH түймесін басыңыз.

Ұстаушы тұтқа iPod/iPhone қауіпсіздендіру үшін бұралады.



iPod nano моделінің пайдаланушыларына арналған ескертпе

Жүйемен бірге iPod nano модельдерін пайдаланғанда жүйені тігінен орнатпаңыз. iPod nano модельдерін биіктігіне байланысты ұстаушы тұтқасымен қамтамасыз етуге болады. Жүйені көлденеңінен орнатыңыз.

Жүйені тасымалдау туралы ескерту


iPod/iPhone құрылғысы қосылу кезінде жүйені тасымалдамаңыз. Әйтпесе, iPod/iPhone құлап зақымдалуы мүмкін. Соны дұрыс пайдаланбаудан туындаған зақымға жауапты емес.

Ескертпелер

- Бөлек сатып алынған iPod/iPhone қораптары пайдаланылғанда, қосылған iPod/iPhone жүйеде танылмауы мүмкін. Солай болған жағдайда iPod/iPhone құрылғысынан қорапты алып, оны Apple құрылғысына арналған терминалға қайта жалғаңыз.
- Тігінен орнатылған жүйені пайдаланғанда, қосылған iPod/iPhone құрылғысының қисаймай тік тұрғанына көз жеткізіңіз.

↔ портына қосылғанда

iPod/iPhone құрылғысын ↔ портына iPod/iPhone құрылғысымен берілген USB кабелімен жалғаңыз.



Сағатты орнату

Қуат үнемдеу режимінде сағатты орнату мүмкін емес.

- 1 Жүйені қосу үшін I/⏻ түймесін басыңыз.**
- 2 TIMER MENU түймесін басыңыз.**

Егер дисплейге “PLAY SET” шыкса, ↑/↓ түймесін қайталап басып, “CLOCK” тармағын таңдаңыз, сосын ⊕ түймесін басыңыз.
- 3 Сағатты орнату үшін ↑/↓ түймесін қайталап басыңыз, сосын ⊕ түймесін басыңыз.**
- 4 Минутты орнату үшін ↑/↓ түймесін қайталап басыңыз, сосын ⊕ түймесін басыңыз.**

iPod/iPhone ойнату

■ Apple құрылғысына арналған терминалға қосылғанда

1 FUNCTION +/- түймесін қайталап басып, iPod функциясын таңдаңыз.

2 Apple құрылғысына арналған терминалға iPod/iPhone құрылғысын орналастырыңыз.

3 PUSH түймесін басып, iPod/iPhone құрылғысын қауіпсіздендіріңіз.

4 ► түймесін басыңыз.

■ ⇐ портына қосылғанда

1 USB функциясын таңдау үшін FUNCTION +/- түймесін қайталап басыңыз.

2 iPod/iPhone құрылғысын ⇐ портына қосыңыз.

3 ► түймесін басыңыз.

iPod/iPhone құрылғысын басқару үшін

Орындау үшін Мына әрекетті жасаңыз

Ойнатуды II/III түймесін басыңыз. уақытша тоқтату

Трек немесе аудиокітап/ подкаст тарауын таңдау I◀◀/▶▶ түймесін басыңыз. Жылдам алға немесе жылдам артқа өткізу үшін түймені басып тұрыңыз.

Тректен немесе аудиокітап/ подкаст тарауынан нүкте табу Ойнап тұрғанда ◀◀/▶▶ түймесін басып тұрып, қажетті жерде оны жіберіңіз.

Жүйені батарея зарядтағыш ретінде пайдалану үшін

Жүйе қосылып не өшіп тұрғанда, iPod/iPhone құрылғысы үшін батарея зарядтағыш ретінде жүйені пайдалануға болады.

iPod/iPhone құрылғысы Apple құрылғысына арналған терминалға қойылғанда немесе ⇐ портына қосылғанда зарядтау басталады. Зарядтау күйі iPod/iPhone дисплейінде пайда болады.

Мәліметтер алу үшін iPod/iPhone құрылғысының пайдалану нұсқауларын қараңыз.

iPod/iPhone құрылғысын зарядтауды тоқтату үшін

iPod/iPhone құрылғысынан алыңыз.

iPod/iPhone құрылғысын зарядтау кезіндегі ескертпелер

- Жүйе өшірулі кезде iPod/iPhone құрылғысы қосылғанда, оны зарядтау мүмкін емес.
- iPod/iPhone құрылғысы Apple құрылғысына арналған терминалға қосылғанда, FUNCTION +/- түймесін басып, iPod, TUNER немесе DVD/PC функциясын таңдаңыз.
- iPod/iPhone құрылғысы ⇐ портына қосылғанда, FUNCTION +/- түймесін басып, USB немесе BT AUDIO функциясын таңдаңыз.

Ескертпелер

- Apple құрылғысына арналған терминалға тиіспеніз.
- Жүйенің жұмысы iPod/iPhone құрылғысының сипаттамаларына байланысты өзгеруі мүмкін.
- iPod/iPhone құрылғысын қойғанда немесе алғанда
 - iPod/iPhone құрылғысын жүйедегі Apple құрылғысына арналған терминалдағымен бір бұрышта қолданыңыз және терминалды зақымдап алмау үшін iPod/iPhone құрылғысын айналдырмаңыз немесе шайқамаңыз.
 - құрылғыны бір қолыңызбен ұстап, iPod/iPhone құрылғысының басқару жүйесін қателесіп басып қоймаңыз.

- iPod/iPhone құрылғысын ажыратпастан бұрын, ойнатуды уақытша тоқтатыңыз.
- Егер ◀◀/▶▶ істемесе, ойнап тұрғанда жылдам артқа (немесе жылдам алға) өткізу үшін ◀◀/▶▶ түймесін басып тұрыңыз.
- Дыбыс деңгейін өзгерту үшін VOLUME +/- түймесін пайдаланыңыз. Егер iPod/iPhone құрылғысында реттесеңіз, дыбыс деңгейі өзгермейді.
- Бұл жүйе 8 істікті найзағай коннекторы ғана iPod/iPhone бар құрылғысы үшін жасалған. Басқа құрылғыларды Apple құрылғысына арналған терминалға қосу мүмкін емес.
- iPod/iPhone құрылғысын пайдалану үшін iPod/iPhone құрылғысының пайдалану нұсқауларын қараңыз.
- Sony корпорациясы бұл жүйемен бірге iPod/iPhone құрылғысы пайдаланылғанда iPod/iPhone құрылғыларына жазылған деректер жойылған немесе зақымдалған жағдайда жауапты емес.

USB құрылғысын ойнату

Осы жүйеде ойнатылатын аудио форматтар төменде берілген:

- MP3: “.mp3” файл кеңейтімі
- WMA: “.wma” файл кеңейтімі
- AAC: “.m4a”, “.mp4” немесе “.3gp” файл кеңейтімі
- WAV: “.wav” файл кеңейтімі

Егер аудио файлдарда жоғарыдағы кеңейтім болып, форматтары сәйкес келмесе, жүйе шуыл шығаруы немесе дұрыс істемеуі мүмкін.

Үйлесімді USB құрылғылары туралы ақпаратты веб-сайттардан қараңыз (27-бет).

1 FUNCTION +/- түймесін басып, USB функциясын таңдаңыз.

2 USB құрылғысын  портына қосыңыз.

3  түймесін басыңыз.

Ойнату режимін өзгерту үшін

PLAY MODE түймесін қайталап басыңыз.

- Қалыпты ойнату (бос): USB құрылғысындағы барлық аудио файлды ретімен ойнату
- Қалта ойнату (“FLDR”)¹⁾: USB құрылғысындағы көрсетілген қалтаның барлық аудио файлы ойнату
- Еркін ойнату (“SHUF”)²⁾³⁾: USB құрылғысындағы барлық аудио файлды еркін ретпен ойнату

- 1) Қалта ойнату мен  “1” бір уақытта таңдай алмайсыз.
- 2) Еркін ойнату мен қайталап ойнатуды бір уақытта таңдай алмайсыз.
- 3) Жүйені өшіргенде, таңдалған еркін ойнату өшіріліп, қалыпты ойнату режиміне қайтады.

Қайталап ойнатуды таңдау үшін

REPEAT түймесін қайталап басыңыз.

-  : USB құрылғысындағы немесе қалтадағы барлық аудио файлды ойнату
-  “1”: аудио файлды қайталау

USB құрылғысы бойынша ескертпелер

- Жүйе үшін ойнату реті қосылған сандық музыкалық ойнатқыштың ойнату ретінен өзгеше болуы мүмкін.
- USB құрылғысын алардан бұрын жүйені өшіруді ұмытпаңыз. Жүйе қосылғанда USB құрылғысын алу USB құрылғысындағы деректерді бүлдіруі мүмкін.
- Барлық кодтау/жазу бағдарламалық құралымен үйлесімділікке кепілдік берілмейді. Егер USB құрылғысындағы аудио файлдар бастапқыда үйлеспейтін бағдарламалық құралмен кодталған болса, ол файлдар шуыл шығаруы немесе дыбысты үзуі мүмкін немесе толығымен ойнатылмауы мүмкін.
- Бұл жүйе төменде көрсетілгендерге дейін тани алады:
 - қалтадағы 256 аудио файл.
 - USB құрылғысындағы 65,536 аудио файл.
 - USB құрылғысындағы 256 қалта.

Жүйені батарея зарядтағыш ретінде пайдалану үшін

Жүйе қосылып тұрғанда, қайта зарядталатын функциясы бар USB құрылғылары үшін батарея зарядтағыш ретінде жүйені пайдалануға болады. FUNCTION +/- түймесін қайталап басып, USB функциясын таңдаңыз. USB құрылғысы  портына қосылғанда зарядтау басталады. Зарядтау күйі USB құрылғысының дисплейінде пайда болады. Мәліметтер алу үшін USB құрылғысының пайдалану нұсқауларын қараңыз.

Bluetooth

Bluetooth сымсыз технологиясы туралы

Bluetooth сымсыз технологиясы — сандық құрылғылар арасындағы сымсыз деректер байланысына мүмкіндік беретін қысқа ауқымды сымсыз технологиясы. Bluetooth сымсыз технологиясы шамамен 10 метр (33 фут) ауқымында жұмыс істейді.

Қолдау көрсетілетін Bluetooth нұсқасы, профильдер мен кодектер

Қолдау көрсетілетін Bluetooth нұсқасы:

- Bluetooth Стандартты 3.0 нұсқасы + EDR (жетілдірілген деректер мөлшері)

Қолдау көрсетілетін Bluetooth профильдері:

- A2DP (Жетілдірілген аудио тарату профилі)
- AVRCP 1.3 (Аудио бейнені қашықтан басқару профилі)

Қолдау көрсетілетін Bluetooth кодектері:

- SBC (Ауқым асты кодекі)
- AAC (Жетілдірілген аудио код)

Музыканы Bluetooth құрылғысынан сымсыз тыңдау

Музыканы Bluetooth құрылғыңыздан сымсыз байланыс арқылы тыңдауға болады.

Үйлесімді Bluetooth құрылғылары туралы ақпаратты веб-сайттардан қараңыз (27-бет).

BLUETOOTH индикаторы туралы

BLUETOOTH индикаторы *Bluetooth* статусын көрсету үшін көк болып жанады немесе жыпылықтайды.

Жүйе күйі	Индикатор күйі
<i>Bluetooth</i> күту режимі	Баяу жыпықтайды
<i>Bluetooth</i> жұптастыру	Тез жыпықтайды
<i>Bluetooth</i> жалғау	Жыпықтайды
<i>Bluetooth</i> байланысы орнатылған	Жанады

Бұл жүйені *Bluetooth* құрылғысымен жұптастыру

Жұптастыру *Bluetooth* құрылғыларының бір-бірін алдымен тіркейтін әрекет болып табылады. Жұптастыру әрекеті орындалғанда қайта орындалудың қажеті жоқ. Егер құрылғы NFC үйлесімді смартфон болса, қолмен жұптастыру процедурасы қажет емес.

1 *Bluetooth* құрылғысын жүйеден 1 метр (3 фут) аралыққа қойыңыз.

2 Құрылғыдағы BLUETOOTH түймесін басып, *Bluetooth* функциясын таңдаңыз.

“BT AUDIO” дисплейге шығады.

Ескертпе

Егер жүйе *Bluetooth* құрылғысына қосылса, *Bluetooth* құрылғысын ажырату үшін BLUETOOTH түймесін басыңыз.

3 Құрылғыдағы BLUETOOTH түймесін 2 секундтан аса басып тұрыңыз.

“PAIRING” дисплейде жыпылықтайды.

4 *Bluetooth* құрылғысында жұптастыру процедурасын орындаңыз.

Мәліметтер алу үшін *Bluetooth* құрылғысының пайдалану нұсқауларын қараңыз.

5 *Bluetooth* құрылғысының дисплейінен құрылғының модель нөмірін таңдаңыз.

Мысалы, “SONY FST-GTK37iP” (немесе FST-GTK17iP/RDH-GTK37iP/RDH-GTK17iP) опциясын таңдаңыз. Егер *Bluetooth* құрылғысына кілтсөз қажет болса, “0000” кодын енгізіңіз.

6 *Bluetooth* құрылғысында *Bluetooth* арқылы байланыстырыңыз.

Жұптастыру аяқталып, *Bluetooth* байланысы орнатылғанда, *Bluetooth* құрылғысының атауы дисплейде пайда болады.

Bluetooth құрылғысына байланысты жұптастыру аяқталған соң автоматты түрде байланыса бастауы мүмкін. DISPLAY түймесін қайталап басу арқылы *Bluetooth* құрылғысының мекенжайын тексеруге болады.

Ескертпелер

- 9 *Bluetooth* құрылғысына дейін жұптастыруға болады. Егер 10-шы *Bluetooth* құрылғысы жұптастырылса, ең соңғы емес қосылған құрылғы жанасымен ауыстырылады.
- “Кіру кілті” құрылғыға байланысты “Кілтсөз”, “PIN коды”, “PIN нөмірі” немесе “Құпиясөз”, т.б. деп аталуы мүмкін.
- Жүйені жұптастыру күту күйінен шамамен 5 минуттан кейін бас тартылады. Егер жұптастыру сәтсіз болса, 1-қадамнан бастап қайталаңыз.
- *Bluetooth* құрылғысына қосылғанда, бұл жүйені анықтау мүмкін емес және бұрын жұптастырылмаған басқа *Bluetooth* құрылғысымен байланыс орнату мүмкін емес.
- Егер басқа *Bluetooth* құрылғысымен жұптастырғыңыз келсе, 1 - 6 қадамдарды қайталаңыз.

Жұптастыру әрекетінен бас тарту үшін

Дисплейде “BT AUDIO” пайда болғанша, құрылғыдағы BLUETOOTH түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.

Смартфонды бір рет түртіп қосу (NFC)

Жүйені NFC үйлесімді смартфоннан түрткенде, жүйе *Bluetooth* функциясымен автоматты түрде қосылып, жұптастыруды және *Bluetooth* байланысын аяқтауға жалғасады.

“NFC” деген не?

NFC (Near Field Communication) ұялы телефондар және IC тегтер сияқты әр түрлі құрылғылар арасында қысқа ауқымды сымсыз байланысқа мүмкіндік беретін технология болып табылады. NFC функциясының көмегімен деректер байланысы құрылғыны NFC үйлесімді құрылғылардағы арнаулы сенсорлық нүктені түрту арқылы оңай қол жеткізуге болады.

1 “NFC Easy Connect” қолданбасын жүктеп орнатыңыз.

“NFC Easy Connect” іздей отырып, тегін Android қолданбасын Google Play сайтынан жүктеп алыңыз немесе оған төмендегі екі өлшемді кодпен өтіңіз. Деректер байланысы ақылы болуы мүмкін.

Тікелей кіру үшін екі өлшемді коды*

* Екі өлшемді коды оқу құралының қолданбасын пайдаланыңыз.



Ескертпелер

- Қолданба кейбір елдерде/аймақтарда қолжетімді болмауы мүмкін.
- Смартфонға байланысты қолданбаны орнатпай, NFC функциясын пайдалануға болады. Мұндай жағдайда әрекеттер мен сипаттамалар әр түрлі болуы мүмкін. Мәліметтерді смартфонның пайдалану нұсқауларынан қараңыз.


Үйлесімді смартфондар

Ішкі NFC функциясы бар смартфондар (Операциялық жүйесі: Android 2.3.3 не кейінгі нұсқасы, Android 3.x қоспағанда)

2 Смартфондағы “NFC Easy Connect” қолданбасын іске қосыңыз.

Қолданба экранының көрсетілетінін тексеріңіз.

3 Смартфон дірілдегенше жүйедегі N-Mark түймесін смартфоннан түртіңіз.



Смартфондағы нұсқауларды орындай отырып, байланысты аяқтаңыз. *Bluetooth* байланысы орнатылғанда, BLUETOOTH индикаторы жыпылықтауын тоқтатып, жанып қалады. *Bluetooth* құрылғысының атауы дисплейде пайда болады.

Дыбыс көзін смартфоннан басқа NFC үйлесімді *Bluetooth* құрылғысына ауыстыруға болады. Мәліметтер алу үшін *Bluetooth* құрылғысының пайдалану нұсқауларын қараңыз.

Кеңес

Егер жұптастыру және *Bluetooth* байланысы сәтсіз болса, мыналарды орындаңыз.

- “NFC Easy Connect” функциясын қайта қосып, смартфонды N-Mark маңайынан баяу қозғалтыңыз.
- Коммерциялық қолжетімді смартфон қабы қолданылса, смартфонды қабынан шығарыңыз.

Музыканы *Bluetooth* құрылғысынан ойнату

Жүйе мен *Bluetooth* құрылғысын AVRCP арқылы қосып, *Bluetooth* құрылғысын қолдануға болады. Музыка ойнату алдында келесіні тексеріңіз:

- *Bluetooth* құрылғысының *Bluetooth* функциясы қосылған.
- Жұптастыру аяқталды.

■ *Bluetooth* құрылғысы үшін

1 Құрылғыдағы BLUETOOTH түймесін басып, *Bluetooth* функциясын таңдаңыз.

“BT AUDIO” дисплейге шығады.

2 *Bluetooth* құрылғысымен байланыс орнатыңыз.

Соңғы қосылған *Bluetooth* құрылғысы автоматты түрде қосылады.

Құрылғы қосылмаса, *Bluetooth* арқылы *Bluetooth* құрылғысын байланыстырыңыз.

Байланыс орнатылғанда, *Bluetooth* құрылғысының атауы дисплейде пайда болады.

3 ► түймесін басыңыз.

- Bluetooth* құрылғысына қарай – ► түймесін екі рет басу керек болуы мүмкін.
- аудио ресурсты *Bluetooth* құрылғысында ойната бастау керек болуы мүмкін.

Ескертпелер

- Жүйе *Bluetooth* құрылғысына қосылмаса, ► түймесі басылғанда, жүйе соңғы қосылған *Bluetooth* құрылғысына қосылып ойнатады.
- Егер басқа *Bluetooth* құрылғысын жүйеге қоспақ болсаңыз, қазір қосылған *Bluetooth* құрылғысы ажыратылады.

■ NFC үйлесімді смартфон үшін

Bluetooth байланысын орнату үшін жүйедегі N-Mark функциясын смартфоннан түртіңіз. Смартфондағы аудио көзін ойнатуды бастаңыз. Ойнату туралы мәліметтерді смартфонның пайдалану нұсқауларынан қараңыз.

Bluetooth құрылғысын ажырату үшін

■ *Bluetooth* құрылғысы үшін

Құрылғыдағы BLUETOOTH түймесін басыңыз.

“BT AUDIO” дисплейге шығады. *Bluetooth* құрылғысына қарай ойнату тоқтатылғанда *Bluetooth* байланысынан бас тартылуы мүмкін.

■ NFC үйлесімді смартфон үшін

Жүйедегі N-Mark функциясын смартфоннан қайтадан түртіңіз.

Жұптастыруды тіркеу ақпаратын өшіру

Осы жұмысты орындау үшін құрылғыдағы түймелерді пайдаланыңыз.

1 **BLUETOOTH** түймесін басып, **Bluetooth** функциясын таңдаңыз.

“BT AUDIO” дисплейге шығады.

Егер жүйе *Bluetooth* құрылғысына қосылғанда, *Bluetooth* құрылғысының атауы дисплейге шығады.

BLUETOOTH түймесін басып, *Bluetooth* құрылғысын ажыратыңыз.

2 **■** түймесін басып тұрып, **I/⏻** түймесін 3 секундтай басыңыз.

“BT HIST” және “CLEAR” дисплейге шығады және барлық жұптастыру ақпараты өшеді.

Bluetooth аудио кодектерін орнату

Жетілдірілген аудио кодтарға (AAC) қолдау көрсететін *Bluetooth* құрылғысына қосылғанда *Bluetooth* аудио кодектерін таңдауға болады.

1 **OPTIONS** түймесін басыңыз.

2 **↕/↕** түймесін қайталап басып, “**BT AAC**” опциясын таңдаңыз, сосын **⊕** түймесін басыңыз.

3 **↕/↕** түймесін қайталап басып, “**ON**” немесе “**OFF**” опциясын таңдаңыз.

- **ON:** Егер *Bluetooth* құрылғысы AAC функциясына қолдау көрсетсе, жетілдірілген аудио кодтар (AAC) таңдалады.
- **OFF:** Ауқым асты кодекі (SBC) таңдалады.

Ескертпелер

- Егер AAC таңдалса, жоғары сапалы дыбысты қолдануға болады. Құрылғыңыздан AAC дыбысын ести алмасаңыз, “OFF” тармағын таңдаңыз.
- Егер жүйе *Bluetooth* құрылғысына қосылған кезде бұл параметрді өзгертсеңіз, *Bluetooth* құрылғысы ажыратылады. *Bluetooth* құрылғысына қосылу үшін *Bluetooth* арқылы қайтадан байланыстырыңыз.

Bluetooth күту режимін орнату/ бас тарту

Жүйе өшірулі болғанның өзінде жүйе *Bluetooth* күту режиміне өтіп, *Bluetooth* байланысын күтеді.

1 **OPTIONS** түймесін басыңыз.

2 **↕/↕** түймесін қайталап басып, “**BT STBY**” опциясын таңдаңыз, сосын **⊕** түймесін басыңыз.

3 **↕/↕** түймесін қайталап басып, “**ON**” немесе “**OFF**” опциясын таңдаңыз.

4 Жүйені өшіру үшін **I/⏻** түймесін басыңыз.

Bluetooth күту режимі қосылғанда, *Bluetooth* арқылы *Bluetooth* құрылғысына байланыс орнатқанда жүйе автоматты түрде қосылады.

Ескертпе

Жұптастыру ақпараты өшірілсе, жүйе *Bluetooth* күту режиміне кірмейді.

Радио тыңдау

1 FUNCTION +/- түймесін басып, FM немесе AM ауқымын таңдаңыз.

2 Автоматты қарап шығу үшін:

Дисплейде “AUTO” жанғанша, TUNING MODE түймесін қайталап басыңыз. Сосын +/- түймесін басыңыз.

Станса бапталған кезде қарап шығу автоматты түрде тоқтайды. Сосын “TUNED” және “ST” (тек FM стерео бағдарламалары үшін) дисплейде жанады.



Егер “TUNED” жанбаса және қарап шығу тоқтамаса, қарап шығуды тоқтату үшін ■ түймесін басыңыз. Сосын қолмен баптаңыз (төменде). RDS қызметтерін қамтамасыз ететін FM стансасын баптағанда, қызмет атауы не станса атауы сияқты ақпарат хабар таратушылар тарапынан беріледі. DISPLAY түймесін қайталап басу арқылы RDS ақпаратын тексеруге болады.

Қолмен баптау үшін:

Дисплейден “AUTO” және “PRESET” жоғалғанша, TUNING MODE түймесін қайталап басыңыз. Сосын қажетті стансаны баптау үшін +/- түймесін қайталап басыңыз.

Кеңес

Нашар қабылданып тұрған FM стерео стансасынан шуылды азайту үшін дисплейде “MONO” жанғанша FM MODE түймесін қайталап басыңыз.

AM баптау аралығын өзгерту үшін (еуропалық, ресейлік және сауд-арабиялық модельдерден басқа)

AM баптау аралығы үшін әдепкі мән 9 кГц (не кейбір аймақтарда 10 кГц) құрайды.

Осы жұмысты орындау үшін құрылғыдағы түймелерді пайдаланыңыз.

- 1 AM ауқымын таңдау үшін FUNCTION түймесін қайталап басыңыз.
- 2 Жүйені өшіру үшін I/⏻ түймесін басыңыз.
- 3 TUNING + түймесін басып тұрып, I/⏻ түймесін басыңыз. “9K STEP” немесе “10K STEP” дисплейге шығады. Аралығын өзгерткенде, барлық AM сақтаулы стансасы өшеді.

Радиостансаларды сақтау

Таңдаулы стансалар ретінде 20 FM және 10 AM станцияларын сақтауға болады.

- 1 Қажетті стансаны баптаңыз.
- 2 TUNER MEMORY түймесін басыңыз.



- 3 Қажетті сақтау нөмірін таңдау үшін +/- түймесін қайталап басыңыз, сосын ⊕ түймесін басыңыз.

“COMPLETE” дисплейге шығады. Станса сақталады.

Сақтаулы стансаға баптау үшін

Дисплейде “PRESET” жанғанша, TUNING MODE түймесін қайталап басыңыз. Сосын қажетті сақтаулы нөмірді таңдау үшін +/- түймесін қайталап басыңыз.

Дыбыс реттеу

Орындау үшін Мына әрекетті жасаңыз

Басты күшейту және қуаттырақ дыбыс шығару BASS BAZUCA түймесін басыңыз.

Сақтаулы дыбыс әсерін таңдаңыз. EQ түймесін қайталап басыңыз. Сақтаулы дыбыс әсерінен бас тарту үшін EQ түймесін қайталап басып, “FLAT” опциясын таңдаңыз.

Кеш атмосферасын жасау

(DJ EFFECT)

Осы жұмысты орындау үшін құрылғыдағы түймелерді пайдаланыңыз.

1 FLANGER немесе ISOLATOR түймесін басыңыз.

Таңдалған түйме жанады және әсер іске қосылады.

- FLANGER: Реактивті ұшақтың дыбысына ұқсас терең дыбыс әсерін жасаңыз.
- ISOLATOR: Басқа жиілік ауқымдарын реттеу арқылы арнайы жиілік ауқымын оқшаулаңыз. Мысалы, вокалды және т.б. ерекшелігіңіз келгенде.

2 Әсер деңгейін реттеу үшін DJ CONTROL +/- бұраңыз.

Әсерді өшіру үшін

Таңдалған әсер түймесін қайтадан басыңыз.

Ескөртпелер

- Жүйені өшіргенде немесе функцияны не радио ауқымын ауыстырғанда DJ EFFECT автоматты түрде өшеді.
- VOLUME/DJ CONTROL +/- түймесін пайдаланып, DJ EFFECT іске қосылғанда дыбысты реттеу мүмкін емес. Дыбыс деңгейін реттеу үшін қашықтан басқару құралындағы VOLUME +/- түймесін басыңыз.

Тік дыбыс әсерін таңдау

Жүйенің орнату тәсіліне қарай дыбыс әсерін таңдауға болады.

Жүйе тігінен орнатылғанда тік дыбыс әсерін қосыңыз.

Құрылғыдағы VERTICAL SOUND түймесін қайталап басыңыз.

Басқа әрекеттер

Жарықты орнату

Әр түрлі жарық үлгілерінен жарықты орнатуға болады. Жарық музыка көзіне байланысты жарық әсерлерін шығарады.

LED SPEAKER түймесін қайталап басыңыз.

Түймені басқан сайын үлгі өзгереді.

Жарықты сөндіру үшін

LED SPEAKER түймесін қайталап басып, “LED OFF” опциясын таңдаңыз.

Таймерлерді пайдалану

Жүйе 2 таймерлі функцияны ұсынады. Егер екі таймер де пайдаланылса, автоматты өшіру таймері басым болады.

Автоматты өшіру таймері

Музыка тыңдап, ұйықтай беруге болады. Жүйе қойылған уақыттан кейін өшеді.

SLEEP түймесін қайталап басыңыз.

Автоматты өшіру таймерінен бас тарту үшін SLEEP түймесін қайталап басып, “OFF” опциясын таңдаңыз.

Көңес

Жүйе өшкенге дейін қалған уақытты тексеру үшін SLEEP түймесін басыңыз.

Ойнату таймері

Тюнерді, iPod/iPhone немесе USB құрылғысын қойылған уақытта қосуға болады. Сағатты дұрыс қойғаныңызға көз жеткізіңіз.

1 **Дыбыс көзін дайындап, дыбыс деңгейін реттеу үшін VOLUME +/- түймесін басыңыз.**

2 **TIMER MENU түймесін басыңыз.**

3 **↑/↓ түймесін қайталап басып, “PLAY SET” опциясын таңдаңыз, сосын ⊕ түймесін басыңыз.**

4 **Ойнатуды бастайтын уақытты белгілеңіз.**

↑/↓ түймесін қайталап басып, сағатты/минутты орнатыңыз, сосын ⊕ түймесін басыңыз.

5 **Ойнатуды тоқтататын уақытты қою үшін 4-қадамдағы процедураны пайдаланыңыз.**

6 **↑/↓ түймесін қайталап басып, қажетті дыбыс ресурсын таңдаңыз, сосын ⊕ түймесін басыңыз.**

7 **Жүйені өшіру үшін I/⏻ түймесін басыңыз.**

Таймер параметрін тексеру немесе таймерді қайтадан іске қосу үшін

1 **TIMER MENU түймесін басыңыз.**

“TIMERSEL” дисплейде жыпылықтайды.

2 **⊕ түймесін басыңыз.**

3 **↑/↓ түймесін қайталап басып, “PLAY SEL” опциясын таңдаңыз, сосын ⊕ түймесін басыңыз.**

Таймерден бас тарту үшін

Жоғарыдағы процедураны тура солай қайталап, 3-қадамда “OFF” опциясын таңдаңыз, сосын ⊕ түймесін басыңыз.

Ескертпелер

- Жүйе қойылған уақыттан бұрын қосылады. Егер жүйе қойылған уақытта қосылса немесе дисплейде “STANDBY” жыпылықтаса, ойнату таймері қосылмайды.
- Ойнату басталғанша жүйе қосылған уақыттан бастап жүйені қолданбаңыз.

iPod/iPhone пайдаланушысына арналған ескертпелер

- Ойнату таймері пайдаланылғанда iPod/iPhone ойнап тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- Ойнату таймері қосылған iPod/iPhone күйіне байланысты іске қосылмауы мүмкін.

Дисплейді өзгерту

Дисплей режимін өзгерту

Жүйе өшірулі кезде DISPLAY түймесін қайталап басыңыз.

Демонстрация

Жүйе өшірулі болғанның өзінде дисплей өзгеріп, индикатор жыпылықтайды.

Дисплей өшірулі (Қуат үнемдеу режимі)

Дисплей қуат үнемдеу үшін өшіріледі. Таймер мен сағат істей береді.

Немесе

iPod/iPhone Зарядтау режимі

“CHARGING” пайда болып, жүйе iPod/iPhone құрылғысын зарядтай бастайды.

Сағат

Сағат дисплейі 8 секундтан кейін қуат үнемдеу режиміне автоматты түрде ауысады.

Дисплей тақтасындағы ақпаратты көру

Жүйе қосулы кезде DISPLAY түймесін USB функциясында қайталап басыңыз.

Төмендегі ақпаратты көруге болады:

- Өткен ойнату уақыты, файл атауы және қалта атауы.
- Тақырып, орындаушы және альбом туралы ақпарат.

Ескертпелер

- USB құрылғысына арналған жалпы ойнату уақыты көрсетілмейді.
- Төмендегілер дұрыс көрсетілмейді:
 - VBR арқылы кодталған MP3 файлының өткен ойнату уақыты (айнымалы бит беріліс жылдамдығы).
 - кеңейтілген форматта ISO9660 Level 1, Level 2 немесе Joliet сақтамайтын қалта мен файл атаулары.
- ID3 1-нұсқалы және 2-нұсқалы тегтер пайдаланылғанда MP3 файлдарына арналған ID3 тегі туралы ақпарат көрсетіледі (ID3 1-нұсқалы және 2-нұсқалы тегтердің екеуі де бір MP3 файлы үшін пайдаланылғанда ID3 2-нұсқалы тегі туралы ақпарат басымдықпен көрсетіледі).

Таңдаулы жабдықты пайдалану

- 1 Дисплейге “VOL MIN” шыққанша, VOLUME – түймесін қайталап басыңыз.
- 2 Таңдаулы жабдықты жалғаңыз (11-бет).
- 3 DVD/PC функциясын таңдау үшін FUNCTION +/- түймесін қайталап басыңыз.
- 4 Жалғанған жабдықты ойнатуды бастаңыз.

5 дыбыс деңгейін реттеу үшін VOLUME + түймесін қайталап басыңыз.

Ескертпе

Жалғанған жабдықтың дыбыс деңгейі тым төмен болса, жүйе күту режиміне автоматты түрде өтеді. Жабдықтың дыбыс деңгейін реттеңіз. Автоматты күту функциясын өшіру үшін “Автоматты күту функциясын қою/бас тарту” (26-бет) бөлімін қараңыз.

Құрылғыдағы түймелерді өшіру

(Балалардан қорғау)

Құрылғыдағы түймелерді (I/O түймесін қоспағанда) баланың зақымдануы сияқты келеңсіздікті болдырмау үшін өшіруге болады.

Құрылғыдағы ■ түймесін 5 секундтан аса басып тұрыңыз.

“CHILD” және “LOCK ON” дисплейге пайда болады.

Жүйені қашықтан басқару құралындағы түймелермен ғана қолдануға болады.

Бас тарту үшін құрылғыдағы ■ түймесін 5 секундтан аса дисплейге “CHILD” және “LOCK OFF” шыққанша басып тұрыңыз.

Ескертпе

Электр шнурын ажыратқанда балалардан қорғау функциясынан бас тартылады.

Автоматты күту функциясын қою/ бас тарту

Бұл жүйе автоматты күту функциясымен жабдықталған. Ешқандай әрекет орындалмағанда немесе дыбыстық сигнал шықпағанда, бұл функциямен жүйе шамамен 30 минуттан кейін күту режиміне автоматты түрде енеді. Әдепкі мәні бойынша автоматты күту функциясы қосылады.

1 **OPTIONS** түймесін басыңыз.

2 **↕/↕** түймесін қайталап басып, **“AutoSTBY”** опциясын таңдаңыз, сосын **⊕** түймесін басыңыз.

3 **↕/↕** түймесін қайталап басып, **“ON”** немесе **“OFF”** опциясын таңдаңыз.

Ескертпелер

- Күту режиміне өтпес бұрын **“AutoSTBY”** хабары дисплейде 2 минуттай жыпылықтайды.
- Тюнер функциясы кезінде автоматты күту функциясы істемейді.
- Жүйе күту режиміне мына жағдайларда автоматты түрде өте алмауы мүмкін:
 - дыбыстық сигнал анықталғанда.
 - аудио файлдар ойнатылып жатқанда.
 - сақтаулы ойнату таймері немесе автоматты өшіру таймері қолданылып тұрған кезде.

Үйлесімді құрылғыларға арналған веб-сайттар

Үйлесімді USB және *Bluetooth* құрылғылары туралы ең соңғы ақпаратты төмендегі веб-сайттардан қараңыз.

Латын Америкасындағы тұтынушылар үшін:

<<http://esupport.sony.com/LA>>

Америка Құрама Штаттарындағы тұтынушылар үшін:

<<http://www.esupport.sony.com/>>

Еуропа мен Ресейдегі тұтынушылар үшін:

<<http://support.sony-europe.com/>>

Басқа елдердегі/аймақтардағы тұтынушылар үшін:

<<http://www.sony-asia.com/support>>

Ақауларды жою

Жүйеде ақау кездесе, төмендегі ақауларды жою кестесінен ақауды тауып, дұрыстайтын әрекет жасап көріңіз.

Егер ақау кетпесе, жергілікті Sony делдалына хабарласыңыз.

Егер қызмет көрсетуші мамандар жөндеу барысында кейбір бөліктерін өзгертсе, ол бөліктердің сақталуы мүмкін екендігін ескеріңіз.

Егер “PROTECT” және “EXX” (X – сан) дисплейге шықса

Электр шнурын дереу суырыңыз.

- Құрылғының желдету тесіктеріне ештеңе кедергі келтіріп тұрмағанын тексеріңіз.
- Қосулы USB құрылғысы мен iPod/iPhone құрылғысын ажыратыңыз. USB және iPod/iPhone құрылғыларында қиындықтың жоқтығына көз жеткізіңіз.

Үстіндегі заттарды тексеріп, қиындықтарды шешкеннен кейін электр шнурын жалғап, жүйені қосыңыз. Егер қате кетпесе, жергілікті Sony делдалына хабарласыңыз.

Жалпы

Жүйе күту режиміне кірді.

- Бұл қате емес. Ешқандай әрекет орындалып жатпағанда немесе дыбыстық сигнал шықпағанда, жүйе шамамен 30 минуттан кейін күту режиміне автоматты түрде енеді. (26-бет).

Сағат немесе таймер параметрінен бас тартылды.

- Электр шнуры ажыратылған немесе электр ақаулығы орын алды. Сағат (13-бет) пен таймерді (23-бет) қайтадан қойыңыз.

Дыбыс шықпайды.

- Дыбыс денгейін реттеңіз.
- Бар болған жағдайда таңдаулы жабдықтың байланысын тексеріңіз (11-бет).
- Жалғанған жабдықты қосыңыз.

Қатты гуіл немесе шуыл естіледі.

- Жүйені шуыл көздерінен алыстатыңыз.
- Жүйені басқа жердегі ток көзіне қосыңыз.

- Электр шнурына шуыл сүзгісін (бөлек сатып алынады) орнатыңыз.
- Айналасындағы электрлік жабдықты өшіріңіз.

Таймер істемейді.

- Таймер параметрін тексеріп, дұрыс уақытты қойыңыз (23-бет).
- Автоматты өшіру функциясын тоқтатыңыз (23-бет).

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді.

- Қашықтан басқару құралы мен құрылғының арасындағы кедергілерді алып тастаңыз.
- Қашықтан басқару құралын құрылғыға жақындатыңыз.
- Қашықтан басқару құралын құрылғыдағы сенсорға бағыттаңыз.
- Батареяларын ауыстырыңыз (R6/өлшемі AA).
- Құрылғыны күндізгі жарық шамынан алыс ұстаңыз.

Құрылғыдағы көз келген түймені басқанда “CHILD” және “LOCK” пайда болады.

- Балалардан қорғау функциясын өшіріңіз (25-бет).

iPod/iPhone

Дыбыс шықпайды.

- iPod/iPhone дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.
- iPod/iPhone құрылғысында музыка ойнап тұрғанына көз жеткізіңіз.
- iPod/iPhone құрылғысының ең бағдарламалық құралмен жаңартылғанына көз жеткізіңіз.
- Дыбыс деңгейін реттеңіз.

Дыбыс бұрмаланған.

- iPod/iPhone дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Дыбыс деңгейін төмендетіңіз.
- iPod/iPhone құрылғысының “EQ” параметріне “Off” немесе “Flat” мәнін қойыңыз.

Ойнап тұрғанда күтпеген жерден трек өзгерістері пайда болады.

- iPod/iPhone құрылғысындағы музыканы қатты дауыспен тындап отырып, iPod/iPhone құрылғысындағы “Shake to Shuffle” функциясын (iPod/iPhone құрылғысын шайқау арқылы) өшіріңіз. Егер бұл функция қосылса, кездейсоқ трек өзгерістері жүйедегі дыбыс қысымынан туындаған дiрiлдерге байланысты орын алуы мүмкiн.

iPod/iPhone істемейді.

- Егер iPod/iPhone батареясы зарядсыз болса, ол жүйеде істемеуі мүмкін. Мұндай жағдайда оны компьютермен, т.с.с. қайта зарядтап, оны жүйеге қосыңыз.
- Жүйемен бірге пайдаланбастан бұрын iPod немесе iPhone құрылғысындағы барлық ашық қолданбаларды жабыңыз. Мәліметтер алу үшін iPod/iPhone құрылғысының пайдалану нұсқауларын қараңыз.
- iPod/iPhone дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.
- iPod/iPhone құрылғысының ең бағдарламалық құралмен жаңартылғанына көз жеткізіңіз.
- Қашықтан басқару құралындағы немесе құрылғыдағы түймелер арқылы iPod/iPhone құрылғысын қолдану мүмкін емес және iPod/iPhone әр түрлі. Мұндай жағдайда iPod/iPhone құрылғысындағы басқару түймелерін пайдаланыңыз.

iPod/iPhone зарядталмайды.

- Егер iPod/iPhone құрылғысының батареясы зарядсыз болса, оны жүйеге жалғағанның өзінде, жүйе оны зарядтай алмайды. Мұндай жағдайда оны компьютермен, т.с.с. қайта зарядтап, оны жүйеге қосыңыз.
- iPod/iPhone дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Жүйеге iPod/iPhone құрылғысын қосқанда жүйенің қосылатынына көз жеткізіңіз.

iPhone құрылғысының сақиналы дыбыс деңгейі өзгермейді.

- iPhone құрылғысындағы сақиналы дыбыс деңгейін реттеңіз.

USB құрылғысы

Дыбыс шықпайды.

- USB құрылғысы дұрыс жалғанбаған. Жүйені өшіріп, USB құрылғысын қайта жалғаңыз.

Шуыл бар, секіріп кететін немесе бұрмаланған дыбыс.

- Қолдау көрсетілмейтін USB құрылғысын пайдаланып отырсыз. Үйлесімді USB құрылғылары туралы веб-сайттардағы ақпаратты қараңыз (27-бет).
- Жүйені өшіріп, USB құрылғысын қайта жалғаңыз.
- Музыка деректерінде шуыл немесе бұрмаланған дыбыс бар. Компьютердің жағдайларына байланысты музыкалық деректер жасағанда шуыл еніп кетуі мүмкін. Музыкалық деректерді қайтадан жасаңыз.
- Аудио файлдарды кодтағанда бит беріліс жылдамдығы төмен болды. Бит беріліс жылдамдығы жоғарылау аудио файлдарды USB құрылғысына жіберіңіз.

“READING” ұзақ уақыт көрсетіледі немесе ойнату басталардың алдында ұзақ уақыт кетеді.

- Оқу процесі келесі жағдайларда ұзақ уақыт алуы мүмкін.
 - USB құрылғысында көптеген қалталар немесе файлдар бар.
 - Файл құрылымы тым күрделі.
 - Жад сыйымдылығы шектен асқан.
 - Ішкі жад бөлінген.

“OVER CURRENT” пайда болады.

-  портында электр тогы деңгейінде ақау анықталды. Жүйені өшіріп, USB құрылғысын порттан алыңыз. USB құрылғысында ақаудың жоқтығына көз жеткізіңіз. Егер бұл дисплей үлгісі кетпесе, жергілікті Sony делдалына хабарласыңыз.

Қате дисплей.

- USB құрылғысына сақталған деректер бүлінген болуы мүмкін, музыкалық деректерді USB құрылғысына қайтадан жіберіңіз.
- Бұл жүйеде көрсетілетін таңбалық кодтар сандар мен әріптерден ғана құралған. Көрсетілмейтін басқа таңбалар “_” деп көрсетіледі.

USB құрылғысы танылмаған.

- Жүйені өшіріп, USB құрылғысын қайта қосыңыз, сосын жүйені қосыңыз.
- Үйлесімді USB құрылғылары туралы веб-сайттардағы ақпаратты қараңыз (27-бет).
- USB құрылғысы дұрыс істемейді. Бұл қиындықты шешу істемейтін USB құрылғысының пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.

Ойнату басталмайды.

- Жүйені өшіріп, USB құрылғысын қайта қосыңыз, сосын жүйені қосыңыз.
- Үйлесімді USB құрылғылары туралы веб-сайттардағы ақпаратты қараңыз (27-бет).

Бірінші файлдан бастап ойнатылмайды.

- Ойнату режиміне қалыпты ойнату мәнін қойыңыз (15-бет).

Аудио файлды ойнату мүмкін емес.

- MP3 PRO форматындағы MP3 файлдарын ойнату мүмкін емес.
- Кейбір AAC файлдары дұрыс ойнатылмауы мүмкін.
- Ағындық бейнесі бар AAC файлы ойнату мүмкін емес.

- Windows Media Audio Lossless және Кәсіби форматындағы WMA файлдарын ойнату мүмкін емес.
- USB құрылғысында форматталған FAT16 немесе FAT32 басқа файл жүйелеріне қолдау көрсетілмейді.*
- Егер бөлінген USB құрылғысын пайдалансаңыз, бірінші бөліктегі файлдар ғана ойнатылады.
- Жүйе құрылымы жағынан 8 ішкі қалтаға дейін ойната алады.
- Кодталған немесе құпиясөздермен қорғалған және т.б. файлдарды ойнату мүмкін емес.
- Авторлық құқықтары қорғалған DRM файлдарын (Сандық құқықтарды басқару) бұл жүйеде ойнату мүмкін емес.

* Бұл жүйе FAT16 және FAT32 форматына қолдау көрсетеді, бірақ кейбір USB құрылғысы барлық бұл FAT форматына қолдау көрсетпеуі мүмкін. Мәліметтерді әр USB құрылғысына қоса берілген пайдалану нұсқауларынан қараңыз немесе өндірушіге хабарласыңыз.

Bluetooth құрылғысы

Жұптастыру мүмкін емес.

- Жүйеге *Bluetooth* құрылғысын жақындатыңыз.
- Егер жүйенің манайында басқа *Bluetooth* құрылғылары болса, жұптастыру мүмкін болмайды. Мұндай жағдайда басқа *Bluetooth* құрылғыларын өшіріңіз.
- Дұрыс кілтсөздің *Bluetooth* құрылғысына енгізілгеніне көз жеткізіңіз.

Байланыс мүмкін емес.

- Қосылғыңыз келген *Bluetooth* құрылғысы A2DP профиліне қолдау көрсетпейді және жүйеге қосылу мүмкін емес.
- *Bluetooth* құрылғысының *Bluetooth* функциясын қосыңыз.
- *Bluetooth* құрылғысымен байланыс орнатыңыз.
- Жұптастыруды тіркеу ақпараты өшірілді. Жұптастыру жұмысын қайтадан орындаңыз.
- *Bluetooth* құрылғысына қосылғанда, бұл жүйені анықтау мүмкін емес және бұрын жұптастырылмаған басқа *Bluetooth* құрылғысымен байланыс орнату мүмкін емес.
- *Bluetooth* құрылғысын жұптастыруды тіркеу ақпаратын өшіріп, жұптастыру жұмысын қайтадан орындаңыз.

Дыбыс үзікті немесе тұрақсыз шығады, не байланыс жоғалады.

- Жүйе мен *Bluetooth* құрылғысы бір-бірінен тым алыс.
- Егер жүйе мен *Bluetooth* құрылғыңыздың арасында кедергілер болса, кедергілерді алып тастаңыз.
- Егер сымсыз LAN, басқа *Bluetooth* құрылғысы немесе қысқа толқынды пеш сияқты электромагниттік сәулеленуді тудыратын жабдық жақын болса, оларды алысқа қойыңыз.

Бұл жүйеден *Bluetooth* құрылғысының дыбысы естілмейді.

- Алдымен *Bluetooth* құрылғысында дыбыс деңгейін көтеріңіз, сосын VOLUME +/- арқылы дыбыс деңгейін дұрыстаңыз.

Қатты гуіл, шуыл немесе бұрмаланған дыбыс бар.

- Егер жүйе мен *Bluetooth* құрылғыңыздың арасында кедергілер болса, кедергілерді алып тастаңыз.

- Егер сымсыз LAN, басқа *Bluetooth* құрылғысы немесе қысқа толқынды пеш сияқты электромагниттік сәулеленуді тудыратын жабдық жақын болса, оларды алысқа қойыңыз.
- Қосылған *Bluetooth* құрылғысының дыбыс деңгейін төмендетіңіз.

Тюнер

Қатты гуіл немесе шуыл немесе стансаларды қабылдау мүмкін емес. (“TUNED” немесе “ST” дисплейде жыпылықтайды.)

- Антеннаны дұрыс жалғаңыз.
- Жақсы қабылдау үшін антеннаның орны мен оның бағытын өзгертіңіз.
- Бөлек сатып алынған сыртқы антеннаны жалғаңыз.
- Жинақтағы АМ антеннасы пластмасса тіректен жасалса, жергілікті Sony делдалына хабарласыңыз.
- Айналасындағы электрлік жабдықты өшіріңіз.

Жүйені қалпына келтіру үшін

Егер жүйе әлі дұрыс істемесе, жүйенің зауыттық әдепкі мәндерін қалпына келтіріңіз.

Осы жұмысты орындау үшін құрылғыдағы түймелерді пайдаланыңыз.

- 1 Электр шнурын суырып, орнына қайта тығыңыз.
- 2 Жүйені қосу үшін **I/⏻** түймесін басыңыз.
- 3 **FUNCTION** түймесін басып тұрып, **I/⏻** түймесін 3 секундтай басыңыз.

“RESET” дисплейге шығады.

Сақтаулы радио стансалар, таймер және сағат сияқты пайдаланушы реттейтін барлық параметрдің зауыттық әдепкі мәндері қалпына келеді.

Хабарлар

CHARGING: Жүйе өшірулі кезде (күту режим) iPod/iPhone зарядталып жатады.

CHILD LOCK: Балалардан қорғау функциясы қосылған.

CONNECT: iPod/iPhone iPod функциясы кезінде қосылды немесе жүйе соңғы қосылған құрылғыға *Bluetooth* функциясы кезінде қосылуда.

ERROR: USB құрылғысы танылмады немесе белгісіз құрылғы қосылды.

NoDEVICE: Ешқандай USB құрылғысы қосылмады.

NO TRACK: Жүйеге ешқандай ойнатылатын файл жүктелмеді.

NOT SUPPORT: Колдау көрсетілмейтін USB құрылғысы қосылды, USB құрылғысы USB хабы арқылы қосылды немесе батарея заряды жоқ iPod/iPhone қосылды.

PAIRING: Жүйе жұптастыру режимінде.

PUSH STOP: Ойнату токтатылғанда орындауға болатын әрекетті орындауға әрекет жасадыңыз.

READING: Жүйе USB құрылғысы туралы ақпаратты оқуда. Кейбір түймелер қолжетімді емес.

TIME NG: Ойнату таймерінің басталу және токтату уақыттары бірдей.

Сақтық шаралар

Қауіпсіздік техникасы

- Ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, электр шнурын (ток сымы) қабырғадағы ток көзінен (ток) толығымен ажыратыңыз. Құрылғыны токтан ажыратқанда, әрдайым ашасынан ұстаңыз. Ешқашан шнурынан тартпаңыз.
- Қатты зат немесе сұйықтық жүйенің ішіне кіретін болса, жүйені ажыратып, оны қайтадан қолданардың алдында білікті қызметкерлерге тексертініз.
- (Америка Құрама Штаттарындағы тұтынушылар үшін)
Ашаның бір контактісі қауіпсіздік мақсатында басқасынан кеңірек болады және ток көзіне бір-ақ жолмен салынады. Егер ашаны ток көзіне толық салу мүмкін болмаса, делдалға хабарласыңыз.
- Айнымалы ток сымын арнайы қызмет көрсету орталығында ғана ауыстыру керек.

Орналастырған жерде

- Жүйені тегіс емес жерге немесе өте ыстық, суық, шаң, лас не ылғал немесе дұрыс желдетілмейтін не дірілдейтін жерге, күн көзі тікелей түсетін не қатты жарық жерге қоймаңыз.
- Жүйені арнайы өңделген беттерге (мысалы, балауыз, май, жылтыратылған) қойған кезде абай болыңыз, себебі бетінің дақтануына немесе түссізденуіне себеп болуы мүмкін.
- Егер жүйе суық жерден жылы жерге бірден әкелінсе немесе өте ылғал бөлмеге қойылса, құрылғының ішіндегі линзаларда ылғал пайда болып, жүйенің дұрыс істемеуіне себеп болуы мүмкін. Мұндай жағдайда ылғал кепкенше жүйені сөндіріп қойыңыз.

Ішкі жақ қызуы кезінде

- Жұмыс кезінде құрылғыда пайда болған қызу қалыпты және алаңдауға себеп емес.
- Егер корпусы үзіліссіз жоғары дауыспен пайдаланылса, оған тиіспеніз, себебі корпусы қызған болуы мүмкін.
- Желдету тесіктерін жаппаңыз.

Динамик жүйесінде

Ішкі динамик жүйесі магниттен қорғалмаған және жақын жердегі теледидарлардағы кескін магниттен бұрмалануы мүмкін. Мұндай жағдайда теледидарды өшіріп, 15 - 30 минут күткіз, сосын оны қайта қосыңыз. Егер жақсармаса, жүйені теледидардан алыс қойыңыз.

Корпусын тазалау

Бұл жүйені жуғыш құрал ерітіндісімен аздап суланған жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Абразивті затты, тазалағыш ұнтақты немесе қосынды, бензин не спирт сияқты ерітіндіні пайдаланбаңыз.

Bluetooth байланысы кезінде

- *Bluetooth* құрылғылары бір-бірінен шамамен 10 метр (33 фут) қашықтықта (кедергісіз қашықтық) пайдаланылуы тиіс. Тиімді байланыс ауқымын келесі жағдайларда қысқартуға болады.
 - Адам, металл зат, қабырға немесе басқа кедергі *Bluetooth* байланысы бар құрылғылар арасында болғанда
 - Сымсыз LAN орнатылған жерлерде
 - Қолданыстағы қысқа толқынды пештер бар жерлерде
 - Басқа электромагниттік толқындар бар жерлерде
- *Bluetooth* құрылғылары және сымсыз LAN (IEEE 802.11b/g) бірдей жиілік ауқымын (2,4 ГГц) пайдаланады. *Bluetooth* құрылғыңызды сымсыз LAN мүмкіндігі бар жерде пайдаланғанда электромагниттік кедергі пайда болуы мүмкін. Бұл дерек тасымалдау ауқымының азаюын, шуылды немесе байланысу қабілетсіздігін тудыруы мүмкін. Егер бұл орын алса, келесі әрекеттерді орындап көріңіз:
 - Сымсыз LAN жабдығынан кемінде 10 метр (33 фут) алыс тұрғаныңызда осы жүйе мен *Bluetooth* құрылғысын қосып көріңіз.
 - *Bluetooth* құрылғыңызды 10 метр (33 фут) аралығында пайдаланғанда сымсыз LAN жабдығын өшіріп қойыңыз.

- Осы жүйе шығаратын радио толқындар кейбір медициналық құрылғылардың жұмысына кедергі келтіруі мүмкін. Бұл кедергілер дұрыс жұмыс істемеуге әкеп соғатындықтан, осы жүйе мен *Bluetooth* құрылғысын келесі жерлерде әрдайым өшіріп қойыңыз:
 - Ауруханаларда, пойыздарда, ұшақтарда, бензин құю станцияларында және тұтанғыш газдар болатын басқа кез келген жерлерде
 - Автоматты есіктер немесе өрт дабылдарының қасында
- Бұл жүйе *Bluetooth* технологиясы арқылы байланысқан кезде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құрал ретінде *Bluetooth* сипаттамасына сәйкес келетін қауіпсіздік функцияларына қолдау көрсетеді. Алайда, бұл қауіпсіздік параметр мазмұнына және басқа факторларға байланысты сәйкессіз болуы мүмкін, сондықтан *Bluetooth* технологиясын пайдаланып байланыс құру кезінде әрқашан сақ болыңыз.
- Sony *Bluetooth* технологиясы арқылы байланысқан кезде ақпарат жайылуынан болатын зақымдар мен басқа шығындар үшін ешбір жағдайда жауапты емес.
- Осы жүйемен бірдей профильге ие кез келген *Bluetooth* құрылғысы *Bluetooth* байланысының орнауына кепілдік бермейді.
- Осы жүйемен байланысқан *Bluetooth* құрылғылары Bluetooth SIG, Inc. компаниясымен белгіленген *Bluetooth* сипаттамасына сәйкес келуі керек және сәйкестік туралы сертификаты болуы керек. Алайда, құрылғы *Bluetooth* сипаттамасымен сай келгеннің өзінде *Bluetooth* құрылғысының сипаттамасы кейбір жағдайларда байланысуға жол бермей немесе өзге басқару әдістерін, көрсетулерді немесе әрекетті тудыруы мүмкін.
- Осы жүйеге қосылған *Bluetooth* құрылғысына, байланысу ортасына немесе орта жағдайларына байланысты шу пайда болуы немесе дыбыс өшіп қалуы мүмкін.

Техникалық сипаттамалары

ДЫБЫС ҚУАТЫНЫҢ СИПАТТАМАЛАРЫ

ҚУАТ ШЫҒЫСЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ҮЙЛЕС БҰРМАЛАНУ КОЭФФИЦИЕНТІ: (АҚШ моделі ғана)

3,5 Ом жүктемесімен 120 – 10,000 Гц аралығындағы екі арна да жүргізіледі; әр арнаның минималды RMS қуаты үшін 50 Вт бағаланған, 250 мВт шамасынан бағаланған шығысқа дейін жалпы гармоникалық бұрмалауының 0,7% бөлігінен көп емес.

Күшейткіш бөлімі

Төменде өлшенген мәндер АҚШ моделі:

120 В айнымалы ток, 60 Гц

Мексикалық модель:

120 В – 240 В айнымалы ток, 60 Гц

Басқа модельдер:

120 В – 240 В айнымалы ток, 50/60 Гц

FST-GTK37IP/RDH-GTK37IP

Қуат шығысы (белгіленген):

100 Вт + 100 Вт (3,5 Ом, 1 кГц, 1% ЖҮБ)

RMS қуат шығысы (анықтамалық):

210 Вт + 210 Вт (әр арнаға 3,5 Ом, 1 кГц)

FST-GTK17IP/RDH-GTK17IP

Қуат шығысы (белгіленген):

55 Вт + 55 Вт (3 Ом, 1 кГц, 1% ЖҮБ)

RMS қуат шығысы (анықтамалық):

115 Вт + 115 Вт (әр арнаға 3 Ом, 1 кГц)

Дианмик бөлімі

Динамик жүйесі

2 жолды динамик жүйесі, басс әсері

Динамиктер

FST-GTK37iP/RDH-GTK37iP:

Вуфер: 200 мм (7 7/8 дюйм),

конус үлгісінде

Твитер: 66 мм (2 5/8 дюйм),

конус үлгісінде

FST-GTK17iP/RDH-GTK17iP:

Вуфер: 160 мм (6 3/8 дюйм),

конус үлгісінде

Твитер: 40 мм (1 5/8 дюйм),

конус үлгісінде

Белгіленген кедергі

FST-GTK37iP/RDH-GTK37iP:

3,5 Ом

FST-GTK17iP/RDH-GTK17iP:

3 Ом

Кіріс

DVD/PC IN (аудио кіріс C/O):

FST-GTK37iP/RDH-GTK37iP:

Сезгіштік 1 В, кедергі 47 кОм

FST-GTK17iP/RDH-GTK17iP:

Сезгіштік 1.5 В, кедергі 47 кОм

iPod/iPhone бөлімі

Apple құрылғысына арналған терминал

Шығыс кернеуі: 5 В тұрақты ток

Максималды шығыс ток күші: 1 А

Үйлесімді iPod/iPhone модельдері:

– iPod touch 5-буыны

– iPod nano 7-буыны

– iPhone 5

⚡ (USB) порты

Максималды шығыс ток күші: 1 А

Үйлесімді iPod/iPhone модельдері:

– iPod touch 5-буыны

– iPod touch 4-буыны

– iPod touch 3-буыны

– iPod touch 2-буыны

– iPod nano 7-буыны

– iPod nano 6-буыны

– iPod nano 5-буыны (бейне камера)

– iPod nano 4-буыны (бейне)

– iPod nano 3-буыны (бейне)

– iPod classic

– iPhone 5

– iPhone 4S

– iPhone 4

– iPhone 3GS

– iPhone 3G

USB бөлімі

Қолдау көрсетілетін формат

MP3 (MPEG 1 3-ші дыбыс деңгейі):

32 кбит/сек – 320 кбит/сек, VBR

WMA: 48 кбит/сек – 192 кбит/сек

AAC: 48 кбит/сек – 320 кбит/сек

WAV: 16 бит PCM

Үлгілік жиіліктер

MP3 (MPEG 1 3-ші дыбыс деңгейі):

32 кГц/44,1 кГц/48 кГц

WMA: 32 кГц/44,1 кГц/48 кГц

AAC: 32 кГц/44,1 кГц/48 кГц

WAV: 8 кГц – 48 кГц

Қолдау көрсетілетін USB құрылғысы

Жаппай сақтау класы

⚡ (USB) порты: А үлгісі

Bluetooth бөлімі

Байланыс жүйесі

Bluetooth Стандартты 3.0 нұсқасы +

EDR (жетілдірілген деректер

мөлшері)

Шығыс

Bluetooth Стандартты 2-қуат

дәрежесі

Максималды байланыс ауқымы

Шамамен 10 м¹ (шолу сәулесі)

Жиілік ауқымы

2,4 ГГц ауқымы (24,000 ГГц –

24,835 ГГц)

Модульдеу әдісі

FHSS (Жиілік секіруін кеңейту

спектрі)

Үйлесімді Bluetooth профилдері²⁾

A2DP (Жетілдірілген аудио тарату

профилі)

AVRCP 1.3 (Аудио бейнені

қашықтан басқару профилі)

Қолдау көрсетілетін кодектер

SBC (Ауқым асты кодекі)

AAC (Жетілдірілген аудио код)

1) Нақты ауқым құрылғылар арасындағы кедергілер, шағын толқындық пеш айналасындағы магниттік өрістер, статикалық электр жүйесі, қабылдау сезімталдығы, антеннаның жұмыс істеуі, жұмыс істеу жүйесі, бағдарламалық құрал қолдану, сияқты т.б. факторларға тәуелді болады.

2) *Bluetooth* стандартты профильдері құрылғылар арасындағы *Bluetooth* байланысының мақсатын көрсетеді.

Тюнер бөлімі

FM стерео, FM/AM жиілік түрлендіргіш тюнері

Антенна:

FM сым антеннасы

AM рамалы антеннасы

FM тюнерінің бөлімі

Реттеу ауқымы

АҚШ және бразилиялық модельдер:

87,5 МГц – 108,0 МГц (100 кГц қадам)

Басқа модельдер:

87,5 МГц – 108,0 МГц (50 кГц қадам)

AM тюнерінің бөлімі

Реттеу ауқымы

Еуропалық, ресейлік және сауд-арабиялық модельдер:

531 кГц – 1 602 кГц (9 кГц қадам)

АҚШ, латын америкалық және

австралиялық модельдер:

530 кГц – 1 710 кГц (10 кГц қадам)

531 кГц – 1 710 кГц (9 кГц қадам)

Басқа модельдер:

530 кГц – 1 610 кГц (10 кГц қадам)

531 кГц – 1 602 кГц (9 кГц қадам)

Жалпы

Электр желісіне қойылатын талаптар

АҚШ моделі:

120 В айнымалы ток, 60 Гц

Мексикалық модель:

120 В – 240 В айнымалы ток, 60 Гц

Басқа модельдер:

120 В – 240 В айнымалы ток,

50/60 Гц

Қуат тұтыну

FST-GTK37iP/RDH-GTK37iP: 85 Вт

(қуат үнемдеу режимінде 0,5 Вт)

FST-GTK17iP/RDH-GTK17iP: 60 Вт

(қуат үнемдеу режимінде 0,5 Вт)

Өлшемдері (ені/биіктігі/тереңдігі)

(шамамен)

FST-GTK37iP/RDH-GTK37iP:

768,5 мм × 323 мм × 385 мм

(30 3/8 дюйм × 12 3/4 дюйм × 15 1/4 дюйм)

FST-GTK17iP/RDH-GTK17iP:

678,5 мм × 323 мм × 385 мм

(26 3/4 дюйм × 12 3/4 дюйм × 15 1/4 дюйм)

Салмағы (шамамен)

FST-GTK37iP/RDH-GTK37iP:

14,0 кг (30 фунт 14 унция)

FST-GTK17iP/RDH-GTK17iP:

12,0 кг (26 фунт 8 унция)

Жинақтағы аксессуарлар

Қашықтан басқару құралы (1)

R6 (AA өлшеміндегі) батареялары (2)

FM сым/AM рамалы антеннасы (1)

Дизайн мен сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі.

<http://www.sony.net/>



©2013 Sony Corporation



* 4 4 4 9 1 9 8 1 4 * (1)